

АРНАЙЫ СЕРВИСТІК КАМПАНИЯ

[20SMD-004]

Жанармай сорғысын ауыстыру

Әңгіме не туралы?

Осы кампанияға қатысатын көліктер жұмысын тоқтатуы мүмкін жанармай сорғыларымен жабдықталған. Егер бұл орын алса, аспаптар панелінде бақылау шамдары жанып, ескерту хабарламалары пайда болуы мүмкін, ал қозғалтқыштың жұмысы бұзылуы ықтимал.

Толық ақпаратты Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығынан алуға болады.

Не істеу қажет?

Көлік иесі автокөлігін Қазақстандағы Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығына жеткізуі қажет. Lexus-тің кәсіби мамандары жанармай сорғысын **МҮЛДЕМ ТЕГІН** ауыстырады.

Осы кампанияны орындау қанша уақытты алады?

Жанармай сорғысын ауыстыру шамамен **1 сағат 40 минуттан 4 сағат 10 минутқа дейін уақыт алады. Нақты уақыт автомобильдің ерекшеліктері мен техникалық жағдайына, сондай-ақ ақауды жою тәсіліне байланысты.** Дилерлік орталық мамандарының жұмысбастылығы жоғары болған жағдайда, жұмыстарды орындау үшін ұзағырақ уақыт қажет болуы мүмкін. Жөндеу уақытын оңтайландыру үшін, автомобильді жанармай деңгейі 1/3 немесе одан төмен күйде әкелуіңізді сұраймыз.

Қандай модельдер осы кампанияға қатысады?

Қазақстан және Қырғызстан нарығында осы арнайы сервистік кампанияға келесі Lexus модельдері қатысады:

- **ES** (шығарылған жылы: 2018 – 2019 жж.),
- **GS** (шығарылған жылы: 2013 – 2015 жж.),
- **GX** (шығарылған жылы: 2013 – 2019 жж.),
- **LS** (шығарылған жылы: 2014 – 2019 жж.),
- **LX** (шығарылған жылы: 2013 – 2019 жж.),
- **NX** (шығарылған жылы: 2014 – 2019 жж.),
- **RC** (шығарылған жылы: 2014 – 2015 жж.),
- **RX** (шығарылған жылы: 2017 – 2019 жж.).

Осы кампанияның өткізу мерзімі қандай?

Осы арнайы сервистік кампанияның өткізу мерзімі шектелмеген.